

Қазақстан Республикасында 1999 жылы халық санағына әзірлену, оны жүргізу және материалдарын өңдеу тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 желтоқсан N 1519

"Қазақстан Республикасында 1999 жылы Халық санағын жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 3 сәуірдегі N 389 P950389_ қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасында 1999 жылы Халық санағын ұйымшылдықпен жүргізу және оның материалдарының есепке толық алынуын, өңделуі мен талдануын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасында 1999 жылы Халық санағы 24 ақпандағы жағдай бойынша жүргізілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.12. N 1159 қаулысымен.
Р 9 8 1 1 5 9 _

2. Қатынас қиын аудандарда Халық санағы Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдармен келісілген мерзімдерде жүргізілсін. Қазақстан Республикасында 1999 жылы Халық санағын жүргізу ұзақтығы әрбір осындай аудан үшін жергілікті жағдайларды ескере отырып, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге белгіленеді.

3. Қазақстан Республикасында 1999 жылы Халық санағына әзірлену, оны жүргізу және материалдарын өңдеу Тәртібі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

4. Халық санағының ұйымдық-әдістемелік ережелерін, бағдарламасының жобасы мен оның материалдарын өңдеудің технологиялық процесін байқау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі 1997 жылдың ақпан айында Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданында байқау Халық санағын жүргізісін және 1997 жылдың аяғына дейін оның қорытындыларын өңдеп, талдауды аяқтасын. Қажет болған жағдайда тәжірибенің нәтижелері бойынша 1999 жылы Халық санағының бағдарламасына түзетулер енгізілсін.

5. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері 1999 жылы Халық санағы мен 1997 жылы байқау Халық санағын жүргізуге қатыстырылатын кадрларды мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметкерлерінен және белгіленген тәртіп бойынша жұмыссыз деп танылған азаматтардан жасақтайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданында жүргізетін 1997 жылы байқау Халық санағы мен Қазақстан Республикасында 1999 жылы Халық санағының құрамын белгіленген тәртіп бойынша жұмыссыз деп танылған азаматтарды жасақтау ісінде мемлекеттік статистика органдарына жәрдемдессін.

7. 1999 жылы Халық санағы мен 1997 жылы байқау Халық санағына әзірлеу мен оны жүргізу және материалдарын өңдеуге қатыстырылатын адамдар негізгі жұмысынан жұмыс орны мен орташа жалақысы сақталып, мына мерзімдерге босатылады деп белгіленсін:

қалалар мен ірі селолардағы үйлердің тізімдерін жасайтын тіркеушілер - 10 жұмыс күніне;

қалалар мен селолық жерлердегі есепшілер бақылап аралап шығуды ескере отырып - 21 жұмыс күніне;

нұсқаушы-бақылаушылар қалаларда - 29 жұмыс күніне, селолық жерлерде - 31 жұмыс күніне;

санақ бөлімінің меңгерушілері мен олардың көмекшілері - 58 жұмыс күніне; аудандық (қалалық) статистика бөлімдері бастықтарының халық санағы жөніндегі орынбасарлары - 3,5 айға.

8. 1999 жылы Халық санағы мен Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданындағы 1997 жылы байқау Халық санағын жүргізу жөніндегі жұмыстың бүкіл кезеңіне санақ құрамына қосымша бір мезгілдік төлем төлеу белгіленсін;

есепші мен нұсқаушы-бақылаушыға - бірыңғай тарифтік кестенің 1-разряды тарифтік кестенің бір ширегі мөлшерінде, санақ бөлімінің меңгерушісі мен оның көмекшісіне - 1-разряды тарифтік кестенің 0,5 мөлшерінде, аудандық (қалалық) статистика бөлімі бастығының халық санағы жөніндегі орынбасарына - 1-разряды тарифтік кестенің 1,5 мөлшерінде.

Белгіленген тәртіп бойынша жұмыссыз деп танылған азаматтарға санақ өткізуге қатысқаны үшін мыналар төленсін:

есепшіге - экономика саласының қызметкерлеріне арналған бірыңғай тарифтік кестенің санақ бөлімінің нұсқаушы-бақылаушысы мен меңгерушісіне - аталған ставкадан 20 процент артық мөлшерде, ал бір жолғы сыйақы жұмыс істеушілерге қандай болса, сондай мөлшерде төленеді.

9. Қазақстан Республикасында 1997 жылы байқау Халық санағына уақтылы әзірленуді, оны жүргізуді, материалдарын өңдеуді, талдамалық қорытындылауды және жариялауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігіне 1997-2001 жылдардағы кезеңге уақытша қызметкерлерді Қазақстан Республикасындағы Халық санағына байланысты тиісті жылдарға арналған шығындар үшін мемлекеттік бюджетте көзделген жалақы қоры мен қаражат шегінде Бірыңғай тарифтік кесте бойынша әр жылға орай саралап жұмысқа тартуға рұқсат етілсін.

10. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері 1999 жылы Халық санағын уақтылы жүргізу мақсатында қаржыландыру көздерін іздестіріп мына шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін;

1997 жылдың 1 шілдесіне дейін аудандардың қалалардың тізбелері мен олардың

шекараларын нақтыласын, қалалар мен ірі селоларда көшелердің аттарын, үйлер мен пәтерлердің нөмірлерін, аншлактар мен нөмірлік белгілер қоя отырып тәртіпке келтірсін;

1998 жылдың 1 қаңтарына дейін қалалардың, ірі селолардың сызбалық жоспарлары мен аудандардың карталарын нақтыласын немесе жасайтын болсын және олармен мемлекеттік статистика органдарын қажетті мөлшерде қамтамасыз етсін.

1998 жылдың 1 қаңтарына дейін тұрғын үйлер мен қалалардағы басқа құрылыстардың адамдар тұра алатындай үй-жайларындағы халықты дұрыс және толық есепке алуды қамтамасыз етсін;

1998 жылдың 1 наурызына дейін селолық елді мекендердің тізімдерін жасайтын болсын;

1998 жылдың ақпан - наурыз айларында мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметкерлерінен, белгіленген тәртіп бойынша жұмыссыз деп танылған адамдардың іріктелген тіркеушілерді пайдаланып, қалалар мен ірі селолық елді мекендердің басқа құрылыстарындағы тұрғын үйлер мен тұрғын жайлардың тізімін жасауды қамтамасыз етсін;

Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданындағы 1997 жылы байқау Халық санағы мен Қазақстан Республикасындағы 1999 жылы Халық санағына әзірлену мен жүргізуге белсене қатысу жөнінде бұған тиісті статистикалық органдарға материалдық-қаржылай көмек беруді санақ бөлімдерін көлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыс орны мен орташа жалақысын сақтай отырып, өз қызметкерлерін бөлуді ескере отырып, мемлекеттік емес меншік нысанындағы шаруашылық субъектілеріне ұсыныс жасасын;

мемлекеттік статистика органдарын халық санағына әзірлену, оны жүргізу кезінде санақ материалдарын қабылдап және өңдеу үшін үй-жайлармен, жабдықталған байланыс құралдарымен, жиһазбен және мүкәммалмен өтемсіз қамтамасыз етсін;

халық санағына әзірлену, оны жүргізу мен материалдарын мемлекеттік статистиканың аудандық (қалалық) бөлімдеріне, санақ бөлімдеріне, нұсқаушылар уәскесіне аудандардың, қалалардың әкімдері бекіткен кестелер бойынша өткізу кезеңінде көлікпен өтемсіз негізде қамтамасыз етсін;

санақ құрамының қалалық жолаушылар көлігінің барлық түрінде (таксиден басқа) және қала маңындағы маршруттардың автобустарында аудан немесе қала әкімінің қолы қойылған есепті куәлігін көрсеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігімен келісілген мерзімдерде, Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданындағы байқау санағы кезінде - 1997 жылдың 13 қаңтары мен 13 наурыз аралығында тегін жүру мәселесін шешсін.

11. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі халықтың көші-қонын толық әрі дұрыс алуды қамтамасыз ету жөнінде қосымша шаралар қабылдасын.

12. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру

жөніндегі мемлекеттік комитеті, картографиялық материал жасаумен шұғылданатын басқа да министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігімен келісілген техникалық шарттарға сәйкес әдістемелік басшылық жасап, Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының тапсырыстары бойынша қалалардың, ірі селолардың сызбалық жоспарлар мен аудандардың карталарын 1999 жылы Халық санағы мен Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданындағы 1997 жылы байқау Халық санағы үшін нақтылау немесе әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

13. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

1999 жылы Халық санағына байланысты жүктердің кідіріссіз қабылданып, тез жеткізілуін, сондай-ақ осы Халық санағына әзірлену, оны жүргізу мәселелері жөнінде іссапарда жүрген қызметкерлерге жүріс билеттерінің бірінші кезекте сатылуын
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

мемлекеттік статистика органдарына 1999 жылы Халық санағына әзірлену, оны жүргізу және оның материалдарын өңдеу кезінде халықаралық телефон байланысын Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігімен келіскендей "Санақ" паролі бойынша беріп отыруды қамтамасыз етсін;

поездардағы, автобустардағы, өзен кемелеріндегі, вокзалдар (автовокзалдар), станциялар, аэропорттар сияқты халық шоғырланатын жерлердегі жолаушыларды санауды ұйымдастыратын болсын;

поездардағы жолаушылардың санағын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігімен келісілген мерзімдерде санақ құрамының (бригадаларының) осы қаулының 10-тармағында көзделген есепші куәлігін көрсеткен жағдайда және поездға отырған станциясына дейін кері қайту мәселесін шешетін болсын ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігімен келісілген мерзімдерде санақ құрамының осы қаулының 10-тармағында көзделген есепші куәлігін көрсеткен жағдайда қала маңындағы қатынас пойыздарында тегін жүруге рұқсат ету туралы мәселені шешсін .

14. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Халық санағын жүргізудің дүниежүзілік практикасын, халықаралық ұйымдар мен БҰҰ-ның мамандандырылған ұйымдарының талаптарын ескере отырып, Халық санағы бағдарламасының халық шаруашылығы салалары бойынша адамдардың қызметі, өндірістер мен көрсетілетін қызметтердің, оқу орындарының түрлері, ұлты мен тілі туралы сұрақтарына берілетін жауаптарды кодтау үшін жіктемелерге толықтырулар е н г і з с і н .

15. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі Қазақ мемлекеттік ақпараттық агенттігімен (ҚазМАС), "Қазақстан теледидары мен радиосы"

республикалық корпорациясымен, Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігімен бірлесіп, 1996-1998 жылдары және 1999 жылдың қаңтар - ақпан айларында халық санағы жөнінде бұқаралық-түсінік жұмысын қамтамасыз етсін;

ұйымдастыру және бұқаралық-түсінік жұмысы жөніндегі шаралар жасап, оларды Халық санағына жәрдемдесетін республикалық комиссияның мәжілісінде белгіленген тәртіп бойынша бекітсін;

Қазақстан Республикасында 1999 жылы Халық санағының мақсаты мен міндеттері туралы радио, теледидар, баспасөз арқылы халықты жүйелі түрде ақпараттап отырсын;

жеке деректердің құпия екендігіне халықтың назарын аударып, халық санағының мақсатын, міндетін түсіндіретін плакаттар, үндеулер, пресс-бюллетеньдер, кітапшалар әзірлеп және шығарып, Қазақстан Республикасының халқын толық ақпаратпен қамтамасыз етсін.

16. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігімен бірлесіп, кинотеатрларда алдағы Халық санағы туралы киножурналды фильмдердің алдында көрсету үшін әзірлеу, сондай-ақ Халық санағының барысы туралы құжатты фильм жасау тапсырылсын. Қазақстан Республикасының Қаржы

министрлігі 1998 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастырған кезде аталған фильмдер жасауға қажетті қаражат бөлуді көздейтін болсын.

17. Қазақстан Республикасының Үкіметінде 1999 жылы Халық санағына әзірліктің барысы жарты жылда кемінде бір рет қаралсын.

18. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасында 1999 жылы Халық санағына жәрдемдесетін республикалық комиссияның төрағасы А.С. Есімовке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 11 желтоқсандағы
N 1519 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасында 1999 жылы Халық санағына

әзірлену, оны жүргізу және материалдарын өңдеу

ТӘРТІБІ

1. Халық санағын арнайы даярланған есепшілер 1999 жылдың 25 ақпаны мен 4 наурызы аралығында адамдардың тұрақты (әдеттегі) тұратын жеріндегі үй-жайларды аралау, өздерінен сұрау салу және мәліметтерді сонда тұратындардың тізімі мен санақ парақтарына жазу жолымен жүргізеді. Халықтың саны 1999 жылдың 24 ақпанынан 25-іне қараған түнгі сағат 12-дегі жағдай бойынша есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.12. N 1159 қаулысымен.

Р 9 8 1 1 5 9 _

2. Санаққа Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар санақ кезінде республикада тұрған-тұрмағанына немесе елімізден тыс жерлерге уақытша кеткеніне қарамастан, сондай-ақ Қазақстан Республикасында уақытша жүрген ш е т е л а з а м а т т а р ы і л і н е д і .

3. Әзірлік шараларын және әскери қызметшілер мен халықтың арнаулы құрамын есепке алуды арнаулы құрамы мен жабық объектілері бар министрліктер, мемлекеттік комитеттер өзге де орталық атқарушы органдар мен ұйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі белгілеген тәртіп пен мерзімдерде қ а м т а м а с ы з е т е д і .

4. Сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттарда, қарттар мен мүгедектердің интернат-үйлерінде, созылмалы ауруларға арналған ауруханаларда, қонақ үйлер мен басқа да мекемелерде тұрақты (әдеттегі) тұратын халықтың санағын осы мекемелердің әкімшілігі бөлген есепшілері жүргізеді.

5. Тұрақты тұрғын орны жоқ азаматтардың санағы есепшілермен кездескен жерлерде алынады. Осы санаттағы азаматтардың санағын алу үшін вокзалдарда (автовокзалдарда), станцияларда, аэропорттарда, порттарда, т.с.с. халық шоғырланатын жерлерде, сондай-ақ шалғайға қатынайтын поезддарда санақ пункттері құрылады.

6. Есепшілер 1997 жылы байқау санағының, 1999 жылы Халық санағының басталуына 5 күн қалғанда тұрғын үй-жайлардың тізімін жасау және халыққа алдағы халық санағы туралы ескерту үшін өз учаскелерін алдын ала аралап шығады.

7. Нұсқаушы-бақылаушылар есепшілермен бірлесіп, 1999 жылы Халық санағы аяқталғаннан кейінгі бес күн ішінде халық есебінің дұрыс әрі толық алынғанын тексеру мақсатында тұрғын үй-жайлардың кемінде 10 процентін іріктеп-бақылап аралап ш ы ғ а д ы .

8. Қазақстан Республикасында 1999 жылы Халық санағы мен Оңтүстік Қазақстан

облысының Сарыағаш ауданында 1997 жылы байқау Халық санағына әзірлену мен оны жүргізу үшін әрбір аудандық (қалалық) мемлекеттік статистика бөлімі жанынан санақ бөлімдері, нұсқаушы және есептеу учаскелері ұйымдастырылып, оларға мынадай орташа жүктеме нормалары белгіленсін;

қалалар мен ірі селоларда үйлердің тізімдерін жасау үшін тіркеушіге - күніне 45 үйді аралау;

қалалар мен құрылысы жинақы ірі селоларда есепшіге - халық санағының барлық кезеңіне 350 адам, селолық жерлерде - 300 адам;

нұсқаушы-бақылаушы орташа: қалаларда - 4-5 есепшінің, селолық жерлерде - 4 есепшінің жұмысына басшылық жасайды;

санақ бөліміне орташа: қалаларда - 9 нұсқаушылық учаске, селолық жерлерде - 7 нұсқаушылық учаске енеді;

халық санағының материалдарын автоматтандырып өңдеуге әзірлеу үшін 1999 жылдың наурыз-қыркүйек айлары кезеңінде бір миллион халыққа орташа 45 адам тартылады.

9. Санақ құжаттамасында жеке адамдар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі бекіткен бағдарлама бойынша халықтың саны, құрамы, табыс көздері, атқаратын қызметі, жұмыс орны, білімі мен тұрғын үй жағдайлары жөніндегі жиынтық деректер алу үшін ғана пайдалануға жатады. Халық санағының қызметкерлеріне толтырылған санақ құжаттамасының мазмұнын кімге де болса жеткізуге тыйым салынады.

Азаматтар туралы жеке мәліметтерді пайдалану тәртібін бұзғаны үшін заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

10. 1999 жылы Халық санағы мен 1997 жылы байқау халық санағын әзірлеу мен жүргізуге қатыстырылған адамдарға аудан (қала) әкімінің қолы қойылған есепшінің куәлігі беріледі.